

«Шет тілдер» кафедрасы 2022 жылдың 8 ақпанында Microsoft Teams онлайн платформасында ҚарТУ «Шетел тілдері» кафедрасы «Қарағанды қаласының тарих беттері» интерактивті зияткерлік ойыны тәрбиелік іс-шарасын өткізді

Microsoft Teams-те онлайн режимінде өткен іс-шараға 50-ден астам студент, сонымен қатар шетел тілдері кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы қатысты.

Алдымен көрермендеді келе жатқан қала күнімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тілей отырып, қазылар алқасының мүшелері – шет тілдер кафедрасының оқытушылары: аға оқытушы Тентекбаева Ж.М. және Сағадиева Қ.Қ. құттықтау сөз сөйледі.

Жүргізушілер іс-шараның мақсаты мен тәртібін, 2 кезеңнен тұратын зияткерлік ойынға қатысушыларды бағалау критерийін жариялады:

1 кезең – Қарағанды қаласы мен университетіміз – ҚарТУ тарихы бойынша 15 сұрақтан тұратын ағылшын тілінен онлайн тест. Тестілеуге қатысуға алдын ала өтінім берген 9 1 курс студенті қатысты: Калгужинов Алишер (АиУ-21-1с), Лензехан Бахтияр (АиУ-21-2), Бахитжанова Аяжан (ГД-21-2), Сыздық Нұрдәулет (СИБ-21-4), Амангелді Жәния (АРХ-21-1), Төленбаев Байдали (ИС-21-2), Жашкеев Айхан (СИБ-21-5), Күзекбай Абдул Ғазиз (ГПР-21-1). Ең көп ұпай жинаған 6 оқушы келесі кезеңге өтті.


2 кезең – 6 категориядан тұратын интерактивті викторина: Қарағанды қаласының географиясы; Мәдениет; Атақты жергілікті тұрғындар; Қызықты фактілер; Қазіргі Қарағанды; ҚарТУ, мұнда әр санатта үш тілде әр түрлі қиындық деңгейіндегі 5 сұрақ және олардың сәйкес ұпайлары бар. Бірінші айналымның қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушы ойынды бастады.



Викторинаның сұрақтары ең атаулы күндер мен оқиғаларды, қала тарихы мен мәдениетінің нысандарын қозғады, сонымен қатар студенттерге ҚарТУ тарихымен танысуға мүмкіндік берді. Ұсынылған сұрақтар оқушылардың хронологиялық, картографиялық дағдыларын ашып, дамытады, атаулардың, терминдердің шығу тегін түсіндіру үшін қосымша ізденістерді, зерттеулерді, дереккөздерді, әдебиет пен өнер туындыларын талдауды қажет етеді. Оқушылар туған қаласының тарихы, көрікті жерлері, оның рәміздері, қала аудандары туралы білімдерін бекітуге мүмкіндік алды; жұмбақтарды табу қабілеттерін бекіту, логикалық ойлауын дамытып, өздері білім алатын ЖОО жайлы білімдерін жүйеледі.

Шара соңында қазылар алқасы қатысушылардың жинаған ұпайларын есептеп, жеңімпаздарды таныстырды:

1. 1 орын – Калгужинов Алишер (АиУ-21-1с., оқытушы: Шарипова А.М.);
2. 2 орын – Күзекбай Абдулғазиз (ГПР-21-1, оқытушы: Айтбаева С.Х.);

Іс-шараға жасауаптылар: шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Джасантасова Дамира Дулатовна**, кафедраның тәрбие жұмысына жасауапты оқытушы **Исина Н.Т.**, кафедра оқытушылары **Кубеева М.М.**, **Несипбаева Н.Е.**, **Ярема Т.В.**





GEOGRAPHY · 800

The current coat of arms of Karaganda is the third in the history of the city. There was an emblem of 1934 - with a mine structure. Then there was a marmot in the emblem - an emblem created by Tolegen Abylkasov, it existed until 2007. The new coat of arms was approved on July 18, 2007. The authorities announced a competition for the best design, the winner was the artist Aibek Begalin.




BACK TO PANEL

викторина 42:01

+51 КА ЧВ СН КН

Жұдыя Топтевбаева



+29 МӘ СА КС ТВ ТҚ КА КН ЧВ ША СН АЖ

Сейдік Нұрғұлет Аманжол Жанал Жұдыя Топтевбаева Бақтысалиева Әсет